



Автор: КЫЗБАЕВА АНАР АЙТМУХАМЕТОВНА

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы

Тақырып: Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық құқықтық жүйесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.3.2.6 – Қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: ханның «Жеті Жарғы» заңдар жинағын анықтайды, көрсетеді. Оқушылардың басым бөлігі: Сыртқы мемлекеттермен байланысын салыстырады. Кейбір оқушылар: Тәуке ханның Қазақстан тарихындағы роліне баға береді.
Тілдік мақсаттар:	Хан,Би,Заң,Сот,Билер кеңесі,Жаза,Құн,Мәміле, Ұлы Дала, Жеті Жарғы, Құрылтай.
Күтілетін нәтиже:	Тәуке ханның Қазақстан тарихындағы ролін анықтайды. Қазақтың ұлы билері Төле би, Қазыбек би Әйтеке би Тәуке ханның "Жеті жарғы" заңдар жинағын жасауға қатысқан ролін көрсетеді. Қазақ хандығының халықаралық аренадағы орнын анықтайды
Бағалау критерийлері:	- Қазақ хандығының XVII ғасырдағы заңдар жинағын талдап, сыртқы саяттағы байланысын талқылайды, салыстырады. - Халық Тәуке ханды «Әз Тәуке», ол билік еткен кезеңді неліктен «Алтын ғасыры» деп атады? баға береді.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпы идеясының құндылықтары құндылық: Тарихтың мәдениет пен тілдің біртұтастығы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	құқық, география,
Бастапқы білім:	"Кім жылдам әдісі арқылы алдыңғы білімнен қосымша сұрақтар беру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10)	Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, топқа бөлу 1.Оқушыларды фигуралар таңдайды, таңдаған фигураларына байланысты топқа бөлініп, кез-келген ұяшықты таңдап жасырылған сұраққа жауап береді. 2.«Кім жылдам» әдісі: 1-топ Жылдар 2-топ Тұлғалар 3-топ Ұғымдар 4-топ Оқиғалар бойынша әр топ тақтадан ұяшық таңдайды, таңдалған ұяшықтағы сұрақты оқып сұраққа жауап береді. Дұрыс болмаған жауапқа қарсылас топ жауап береді. Әрбір дұрыс жауап таңдаған ұяшықтағы балға байланысты болады. 1.Тәуке хан билеген кезең? (1680-715/18ж.ж) 2.Абылай ханның билік басына келуіне ықпал еткен ? Төле би 3.Құрылтай дегеніміз не? барлық қазақ жүздерінің бас қосуы 4.1710 жылы Қазақ жүздері бас қосқан жер?Қарақұм 5.Батыр қонтайшы қазақ жеріне басып кірген жыл?1643ж 6. Қазақ сарбаздарына көмекке келген батыр? Жалаңтөс 7.« Жеті жарғы» сөзіне анықтама бер? Заңдар жинағы 8.1718ж жоңғарлармен өткен шайқас? Аягөз өзені бойында 9.Жоңғар хандығы құрылған жыл? 1635 жылы 10.Орта жүзден шыққан әйгілі би? Қазыбек би 11. Би, Жаза, Құн дегеніміз не? 12.1993ж Қазақстанда 350 жылдығы аталып өткен шайқас? Орбұлақ шайқасы	Интербелсенді тақта
Сабақтың ортасы (17 мин)	2. Фишбоун әдіс (балық қаңқасы): Әр топқа мәтіндер беріледі, постер арқылы өз жұмыстарын қорғайды. Мәтінмен жұмыс, әр топқа плакат, маркер беріледі. Мәтін жұмысының тақырыптары 1топ-Тәуке ханның Жеті жарғы заңдар жинағын түсіндіреді,көрсеті 2 топ-Қазақ – жоңғар қатынасының өзекті мәселелерге тоқталады 3 топ – Қасым хан, Есім хан және Тәуке ханның саясатымен салыстырып түсіндіреді 4 топ – Қазақ хандығын қоғамдық-құқықтық жүйесінде билердің ролін анықтайды	Оқулық 190 бет, Карта Таратпа мәтіндер
Сабақтың соңы (11 мин)	3. 6 "W әдісі" Неліктен А. Левшин Тәуке ханды Дала Ликургі деп атады ? мәтінді оқып Тәуке ханның тарихтағы алатын орнына тұжырым жасайды Кім? Не болды?Қашан? Не себепті?Қайда ? Қалай ойлайды?	Шетел саяхатшыларының пікірі. Оқулық 191 бет
Рефлексия	Дискрипторлар Білім алушылар -Тәуке хан "Жеті жарғы" заңын қандай мақсатпен жасағанын түсіндіреді -Қазақ хандығының Қасым хан, Есім хан және Тәуке хандардың саясатын салыстырып олардың ұқсастарымен айырмашылықтарын анықтайды. -Қазақ -жоңғар қатынасында ұзақ жылғы күрестің себебін талқылайды 4. Оқушылардың рефлексиясы: БілемінБілдімБілгім келеді? 5. Үйге тапсырма ? §48-49 оқу. Эссе жазу Тәуке хан билік еткен жылдары неге «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман»деп атады.	